

Қазақстан Республикасынан Экономикалық одақтың мемлекетаралық экономикалық комитеті алқасының құрамындағы өкілетті өкіл туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 3 қаңтар N 2

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 2 желтоқсандағы N 1970 Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасының Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті алқасының құрамындағы Өкілетті өкілінің жұмысын ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасынан Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті алқасының құрамындағы Өкілетті өкілдің жұмысы туралы Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасынан Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті алқасының құрамындағы Өкілетті өкілдің мүдделі министрліктердің, ведомстволардың басшыларымен келісе отырып, Мемлекетаралық экономикалық Комитеті алқасы жиналысының қарауына енгізілген құжаттар мен шешімдердің жобаларын пысықтау, консультация беру және сараптама жүргізу үшін мамандар, сарапшылар мен ғалымдар тартуға құқы бар деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасынан Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті алқасының құрамындағы Өкілетті өкіл медициналық тұрмыстық қамтамасыз ету және көлікпен қызмет көрсету шарттары жөнінен Қазақстан Республикасының министріне теңестірілсін.

Қазақстан Республикасынан Өкілетті өкілді зейнетақымен қамтамасыз ету мемлекеттік қызметкерлер үшін заңмен белгіленген тәртіппен және шартпен жүзеге асырылады. Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті алқасының құрамында қызмет істеген уақыт мемлекеттік қызметші ретіндегі жұмыс стажына есептеледі.

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы аппаратта Қазақстан Республикасынан Өкілетті өкілдің Қазақстан Республикасындағы қызметі / іссапары/ кезіндегі тұрақты жұмыс орнын белгілесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 3 қаңтардағы
N 2 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасынан Экономикалық одақтың
Мемлекетаралық экономикалық Комитеті алқасының
құрамындағы Өкілетті өкілінің жұмысы туралы

Е Р Е Ж Е

I. Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілі /бұдан әрі - Өкілетті өкіл/ өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен қаулыларын, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдерін, басқа да нормативті актілерді басшылыққа алады және Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті /бұдан әрі - МЭК/ алқасының құрамындағы өзінің жұмысын қатысушы мемлекеттер басшыларының Экономикалық одақ құру туралы Шартымен бекітілген Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық Комитеті туралы Ережесіне, МЭК алқасы жұмысының регламенті мен осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Өкілетті өкілді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Қазақстан Республикасының Өкілетті өкілі өз қызметі жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп береді.

II. Өкілетті өкілдің қызметі мен функциясының негізгі бағыттары

2. Өкілетті өкіл Қазақстан Республикасының еркін білдіреді және экономикалық мәселелер жөнінде МЭК органдарында, сондай-ақ мемлекетаралық және үкіметаралық үйлестіру - консультациялық органдарда, МЭК алқасының жиналысында оларды талқылаған және дауыс берген кезде өз өкілдіктерін біреуге беру құқығынсыз оның м ү д д е с і н қ о р ғ а й д ы .

3. Өкілетті өкілдің негізгі функциялары:
интеграциялық процестерге, өндірістік-технологиялық байланыстарды жетілдіруге

және Экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттердің бірлескен инвестициялық жобаларын жүзеге асыруға бағытталған қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңге арналған Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту бағдарламаларына сәйкес ұсыныстар әзірлеп, енгізу;

өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын және экономиканың басқа салаларын дамыту жөніндегі көпжақты келісімдер шегінде бірлескен бағдарламаларды әзірлеу мен талқылауға қатысу;

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын ұлтаралық сипаттағы (энергосүйе, көлік, байланыс, газ және мұнай құбыры, т.б.) объектілері мен салаларының және мемлекеттердің бірлескен меншік объектілерінің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету;

Экономикалық одақ шегінде Қазақстан Республикасының экономикасын құрылымдық жағынан қайта құру мақсатындағы интеграциялық процестерді дамытуда көмек көрсету;

Қазақстан Республикасының мүддесін сақтай отырып, келісілген, ақша-кредиттік, бюджеттік, салықтық, бағалық, сыртқы экономикалық, кедендік өтем жүйелерін және валюта саясатын құру мен оның жұмыс істеуіне жәрдемдесу;

МЭК-ке квоталық және контрактілік негізде қызметке қабылдаған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын департамент басшылары мен олардың орынбасарларының қызметін үйлестіру.

4. Өкілетті өкіл өз функцияларын жүзеге асыру үшін:

МЭК алқасы жиналысының қарауына енгізілетін жалпы экономикалық мәселелер жөніндегі құжаттар жобаларын Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктермен және ведомстволарымен бірлесе отырып пысықтайды;

қажетті жағдайларда МЭК алқасының мәжілісінде қарау үшін дайындалған келісімдер, бағдарламалар мен басқа да құжаттар жобаларына сараптау ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының тиісті басқару органдарынан еліміз қабылдаған және міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты сұратады;

Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық және үкіметаралық органдарымен ынтымақтастықта Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарына көмек көрсетеді; халықаралық шараларға өзіне берілген өкілеттік шегінде қатысады.

III. Өкілетті өкілдің Қазақстан Республикасының басқару органдарымен өзара байланысы

5. Өкілетті өкіл Қазақстан Республикасының басқару органдарымен өзара байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілеуі бойынша Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығы елдерімен және басқа құрылымдармен ынтымақтастық мәселелері үшін жауапты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырады.

6. Өкілетті өкіл МЭК алқасы мәжілістерінде шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының министрліктерінен және ведомстволарынан қажетті статистикалық және анықтамалық материалдар, еліміздің экономикалық жағдайы туралы экономикалық шолу, қорытындылар мен ұсыныстар сұратуға және алуға хақылы.

7. Өкілетті өкілдің Алматыға іссапары кезінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті аппаратында тұрақты жұмыс орны болады және ол министрлер Кабинетінің мәжілістеріне, ал жекелеген жағдайларда экономиканы дамыту, Достастық мемлекеттерімен экономикалық ынтымақ және өзара қарым-қатынас бағдарламаларына , қатысты мәселелерді қараған кезде Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің мәжілісіне қатысады.